ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 қыркүйек № 5165-23-00-2/1945 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш. Мырзахметовтың,
сот отырысының хатшысы М.Ғ. Ғалижанның қатысуында, ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Нур Ару» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптар өкілдері сотқа қатысқан жоқ

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында 2023 жылғы 03 сәуірде № 34/23 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт (әрі қарай Келісім-шарт) түзілген.

Келісім-шарттың № 1 қосымшасына сай, орындау мерзімі: тауарды жеткізу мерзімі тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша болып белгіленіп, жалпы сомасы 3 606 400 теңгеге, 350 тонна кристалдық техникалық тұз тауарын талап қоюшыға жеткізуге жауапкер міндеттеме алған.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерге Келісім-шарт бойынша тауарды жеткізу қажет екені туралы 2023 жылғы 10 шілдеде өнім берушіге 16 күні

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 13.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.10.2023, судья Мырзахметов К. Ш., 17.10.2023

ішінде, яғни 2023 жылғы 26 шілдеге дейін жалпы сомасы 3 606 400 теңгеге, 350 тонна тұз жеткізіп беруіне тапсырыс берілген.

Сондай-ақ, талап қоюшы тарапынан жауапкерге 2023 жылғы 27 шілдеден бастап тұрақсыздық сомасы есептелетіні туралы хат жолданған.

Талап қоюшы Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны сотқа жоғарыда көрсетілгендей талап қоюын беріп, онда тараптар арасында Келісім-шарт түзілгенін, жауапкер «Нур Ару» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін тауарды жеткізбегені үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды және тұрақсыздық сомасы 39 670, 4 теңгені өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікір берген жоқ.

Талап қоюшының өкілі Б. Маликов сотқа арыз беріп, арызында талапты толық қолдап, оны қанағаттандыруды және істі талап қоюшының өкілінің қатысуынсыз қарауды сұраған.

Тиісті түрде хабарланған жауапкердің өкілі белгісіз себептермен іске қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктерінің талаптарына сәйкес сот істі тараптардың қатысуынсыз қарады және АПК-нің 281-бабы 1-бөлігіне сәйкес хаттама жүргізілген жоқ.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273 баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 13.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.10.2023, судья Мырзахметов К. Ш., 17.10.2023
5165-23-3-1/2144

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы мен жауапкер арасында Келісім-шарт түзілген, дегенмен жауапкер Келісім-шарт бойынша тауарды талап қоюшыға жеткізбей, өз міндеттемесін орындамаған, бұл мәселе іске тігілген талап қоюшының жауапкерге Келісім-шарт бойынша тауарды жеткізуі қажет екені туралы тапсырысымен және істегі басқа да құжаттарымен толық дәлелденеді.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, жауапкердің өкілі сотқа қатыспады және сотқа талап қоюшының талаптарын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табыс етпеді.

Осыған орай, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 725 теңгені өндіру қажет деп табады.

№ 2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Келісім-шарттың 7.3 тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әр бір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алу карастырылған.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 13.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.10.2023, судья Мырзахметов К. Ш., 17.10.2023
5165-23-3-1/2144

Өз кезегінде, талап қоюшы жауапкерден тұрақсыздық сомасы 39 670, 4 теңгені (3 606 400 теңге Х 0,1% Х 11 күнге) өндіруді сұрап отыр.

Сот, талап қоюшының есебімен келісіп, жауапкерден келісім-шарттағы міндеттемесін орындамағаны үшін 39 670, 4 теңгені өндіру қажет деп табады, себебі, 3 606 400 теңге Х 0,1% = 3 606, 4 теңге Х 11 күнге = 39 670, 4 тенгені құрайды.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, жауапкердің өкілі сотқа қатыспады және сотқа талап қоюшының талаптарын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табыс етпеді.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының жауапкерден келісім-шарттағы міндеттемелерін орындамағаны үшін 39 670, 4 теңге тұрақсыздық сомасын өндіру туралы талабын заңды және негізді деп табады.

АПК-нің 109-бабына сай жауапкерден талап қоюшының пайдасына төленген мемлекеттік баж 1 190, 11 теңгені өндіру қажет деп табады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Нур Ару» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «Нур Ару» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық сомасы 39 670 (отыз тоғыз мың алты жүз жетпіс) теңге, 40 (қырық) тиын және төленген мемлекеттік баж 1 190 (бір мың бір жүз тоқсан) теңге, 11 (он бір) тиын өндірілсін.

Жауапкер «Нур Ару» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 13.09.2023
Заңды күшіне енген күні 14.10.2023 Сулы Мырзахметов К. Ш., 17.10.2023
5165-23-3-1/2144

тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 13.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.10.2023, судья Мырзахметов К. Ш., 17.10.2023

5165-23-3-1/2144